"ҚазТрансГаз Аймақ"
акционерлік қоғамы
Қызылорда
өндірістік филиалы

ҚазТрансГаз Аймақ

Акционерное общество
"КазТрансГаз Аймак"
Кызылординский
производственный филиал

Қазақстан Республикасы, 120003
Қызылорда облысы, Қызылорда қ.,
Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1
Тел.: 8 (7242) 55-17-42; 55-17-44
e-mail: kyzylorda@ktga.kz

Республика Казахстан, 120003
Кызылординская область,
Город Кызылорда, ул. Бейбарыс Султан, №1
Тел.: 8 (7242) 55-17-42; 55-17-44
e-mail: kyzylorda@ktga.kz

«25» 01 2022ж./г.
исх./шығ.№ 351-3535-112

Жеке кәсіпкер
«Жәден Марлен Мәметәліұлы»
Жаңақорған ауданы,
Б. Ысқақов көшесі №37А
8-778-313-34-94

«ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамының Қызылорда өндірістік филиалы *(бұдан әрі - Филиал)* Сіздің ағымдағы жылдың 21 қаңтарында жазған №03-2/02 санды арызыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Бүгінгі күнге дейін, ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті *(бұдан әрі-Департамент)* тарапынан Филиалға табиғи монополиялар туралы заңнамасын бұзушылықты жою туралы бірнеше нұсқамалар келіп түсті.

Нұсқамаларда, Филиалдың табиғи монополия субектісінің желісіне қосуға арналған техникалық шарттарды сақтаудан басқа өзге талаптарды қою тоқтатылсын делінген. Яғни, нұсқамалардың мазмұнында техникалық шартта көрсетілмеген өзге де құжаттарды, оның ішінде нысанның газ тұтыну жүйесіндегі құрылыс материалдары, конструкциялар, жабдық және бұйымдар жобаның және мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкестігін дәлелдейтін құжаттарды талап етуге, сондай-ақ, жобаға сәйкестігін тексеру жұмыстарына шектеу қойылып отыр.

Аталған нұсқамаларды заңсыз деп танып, күшін жою үшін Филиал сотқа жүгінді. Сот отырыстарында арнайы шақырылған Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы мамандары тарапынан ауызша және жазбаша түрде берілген түсіндірмелері ескерілді. Алайда, экономикалық сотымен Департаменттің іс-әрекеті дұрыс деп танылып, нұсқамаларды өзгеріссіз қалдыру туралы шешім қабылданды.

Сонымен қатар, екінші саты соты яғни, сот алқасы, Филиалдың талабын қанағаттандыруға құқықтық негіз жоқ деген тұжырым жасап, Филиалдың апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылды.

Осылайша, нұсқамалар заңды күшіне еніп, Филиалға тиісті әкімшілік құқық бұзушылық хаттамалары толтырылып, айыппұлдар салынды.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, **Жаңақорған ауданы, Б. Ысқақов көшесі №37А мекен-жайы бойынша тұрғын емес жайға қосымша құрылыс салу (дүкен)** және осыған ұқсас нысандар бойынша сәйкестік декларациясына қол қойып, мөр басуға Филиалдың құқықтық негізі жоқ екенін хабарлай отырып, сәйкестік декларациясының қол қоюшылардың тізімінен Филиалды алып тастау қажет деп санаймыз.

Директор **Ш.Б. Карибаев**

Орындаушы: Бибасарова Д.Қ.
Тел. 8 (72435) 21-1-61 (2840)